

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жыртқыш аңдар: Аю

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- аю туралы білетіндерін еске түсіреді;
- үш тілде қайталайды, орыс тіліндегі атауынан дауысты дыбыстарды біледі;
- арыстан мен аюдың ұқсастығы, пішіні, көлемін салыстырады;
- аюдың қандай әрекет жасауға дайындалғандығын суретші бейнелегендігін нақтылайды;
- суретті бояу үшін қанша түсті қарындаш керек, қарындаш артық па, кем бе, нақтыла, тапсырманы орындайды;
- суретті салыстырады, бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


Білім алушы игеретін білік-дағды:

- аю туралы әңгімелейді;
- үш тілде қайталайды, орыс тіліндегі дауысты дыбыстарды біледі;
- аю мен арыстан дене мүшелерінің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады, көлемі мен пішінін ойша салыстырады;
- суретке қарап, нендей әрекетке дайындығын елесте алады;
- боялған сурет пен боялмаған суретті салыстырып, қарындаштың артық пен кем екендігін анықтау дағдысын меңгереді;
- суретті салыстыру мен бағалау дағдысын игереді.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)
Неге екі жануар да жыртқыш аңдарға жатады?



Топпен суреттегі аңдар туралы әңгімелейді... (коммуникациялық дағды қалыптасады).

ЖЫРТҚЫШ АҢДАР – АЮ
(кітапшамен жұмыс)

1. *Полилингвалдық компонент:* үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру).

2. Үш тілде қайталаймыз орыс тіл атаудағы дауысты дыбыстарды белгілейміз.



3. Арыстан мен аю ұқсастығы: Қауіпті ✗ Қауіпті емес ✓

Ерекшелігі: бас, аяқ, дене, құйрық белгілейміз

4. Аю суретіне қарап, оның бейнесін қайталай отырып, суретте қандай әрекет жасауға дайындалған аюды бейнеленгендігін жорамалдаймыз.

5. Түрлі түсті қарындаштардың қайсысының керек еместігін нақтылап, ✗ - белгісімен белгілейсіз. Суретті бояймыз.

Өздік жұмыс



6. Салыстырамыз. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.